

## ЕСЕНОВТЫҢ ЖАРҒЫН БОЛАШАҒЫ

**Бегеева Анар Жагипаровна,**  
*Ақтау қаласы, Yessenov University*

Университет - студенттің білім алар ордасы. Үлкен өмірге қадам басқан жасөспірімнің ата-анасымен бірлесе таңдайтын оқу орны. Университетті таңдау барысында – білім сапасы, оқытушылары, университеттің ішкі дизайны, түрлі клубтар мен студенттерге арналған жағдайлар мен мүмкіндіктерге аса мән беріледі. Және де белгілі бір университеттің мемлекеттік грантты иеленбеген студент үшін берілетін жәрдемі де ескеріледі. Біздің университет Маңғыстау облысындағы жоғары білім көшбасшысы болып табылатын - Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті.

8 қарашада QS рейтингтік агенттігі Азия құрлығында орналасқан 857 университеттің қызметін талдай отырып, QS Asia University Rankings 2024 рейтингінің нәтижелерін ұсынды. Биылғы жылы рейтингке 149 жаңа университет қосылды. QS Asia University Rankings Yessenov University Халықаралық рейтингінің қорытындысы бойынша 29-дан 21-орынға көтеріліп, Қазақстан университеттері арасындағы өз позициясын едәуір жақсартты. Орталық Азияның жоғары оқу орындары арасында 30-шы орын, ал барлық Азия университеттері арасында 601-650-ші орын алды.

Бұл университетте студентке өте көп жағдай жасалынған. Мысалы: білікті мамандар, дәріс өтетін аудиториялар, түрлі құралмен жабдықталған кабинеттер, студенттің бос уақытын тиімді пайдалануға арналған кітапхана, сәнді әрі дәмді астары бар асхана, университеттің әдемі интерьері және демалыс орындары, оның ішінде аспалы орындықтар, қуаттағышы бар үстелдер, бүкіл оқытушылар мен студенттерге арналған Wi-fi желісі. Сонымен қатар, біздің университетте мемлекеттік грантты иелене алмаған студент үшін белгілі мөлшерде көмек көрсетіледі. Және де әлеуметтік жағдайы төмен, өзінің заңды өкілінен (анасы, әкесі) айырылған жандар ректор грантына ие бола алады. Жалпылама алғанда бұл мүмкіндіктер Есеновты армандаған әрбір студентке өте пайдалы болмақ. Ол университетке кез келген мүмкіндікті пайдаланып түсе алады. Сонымен қатар, «Менің таңдауым Есенов» атты жобаға өтініш беріп, сол жоба арқылы студенттер 50 %, 75%, 100% жеңілдіктер ұсынылады.

Университеттің жатақханалары да бар. Қала ішінде 4 жатақхана орналасқан. Оның екеуі университеттің артқы бөлігінде орналасқан. Ол жерге 1 курс студенттері орналастырылған. Яғни, өзге қаладан келген студенттерге үйренісу үшін 1 курс кезінде университет пен жатақхана жақын болуы ыңғайлы. Университет жатақханаларында электронды – өткізу жүйесі жасайды.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тәртіпті тиімді қадағалау үшін жатақхананың барлық қабатында бейнебақылау жүргізіледі. 23.00-ден таңғы 6.00-ге дейін жатақхана аумағында күзет кезекшілік етеді. Жатақханада акт залы, оқу залымен кітапхана, коуоркинг, буфет, кір жуатын бөлмелер жабдықталған және де WI-FI қосылған. Бөлмелердің сиымдылығы 2, 3 және 4-орындық. Әр бөлмеде шағын ас үй жиһазы жабдықталған, санторабы душпен біріктірілген. Бөлмелер таза, жарық, жайлы өмір сүріп, сабақ оқу үшін жағдай жасалған.

Жатақхананың артқы бөлігінде «Спорт комплекс» орналасқан. Сыртында 2 жасыл алаң, 2 баскетболға арналған көгалдар бар. Ал спорт кешеніміздің ішінде бассейн, үлкен зал, шахмат, тоғызқұмалақ үйірмелеріне арналған арнайы кабинеттер, үстел теннисіне арналған кабинет, йога, бокс, күрес, жеңіл атлетикаға арналған залдар және медициналық бөлме бар.

Қорытындылай келе, университеттің қазіргі атауы Қазақстанның геология ғылымы мен геологиялық қызметінің дамуына зор үлес қосқан көрнекті қазақ ғалымы Шахмардан Есеновтің құрметіне берілді. Есенов университеті Қазақстандағы ең үздік университеттің бірі. Университет студенттерге сапалы білім беріп, қолдау көрсететін, жоғары білікті мамандар бар.